

Әскери-техникалық мүлікті түгендеу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің өкімі 13 қазан 1993 ж. N 454-ө

Қазақстан Республикасының экономикалық мүдделерін қорғау және әскери-өнеркәсіп кешенінің мекемелері мен ұйымдардың, әскери бөлімдердің мемлекеттік әскери мүлкі аман сақталуын қамтамасыз ету мақсатында:

1. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі:

1993 жылғы 1 желтоқсанға дейін 52605 әскери бөлімнің (Курчатов қаласы) объектілеріне, әскери-техникалық мүлкіне түгендеме жүргізсін;

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің "Байқоңыр" ғарыш айлағы және "Семей", "Сарышаған" және "Ембі" полигондары бойынша арнаулы өкілдерін тағайындап, оларға әскери жүктердің, техниканың және өнеркәсіп жабдықтарының өтуін бақылау өкілеттігін беретін болсын.

2. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі 1993 жылғы 1 қарашаға дейін Курчатов қаласын және Семей сынақ полигонының алаңдарындағы объектілерді күзетуге қабылдап алсын.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі қаражат іздестіріп, "Байқоңыр" ғарыш айлағында, "Семей", "Сарышаған" және "Ембі" полигондарында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының әскери әуежайларында кеден постыларын қалыптастырсын.

4. Қазақстан Республикасының Экология және биоресурстар министрлігі, Ұлттық ядролық орталығы және жергілікті әкімдер мүдделі министрліктермен және ведомстволармен бірлесіп бұдан былай шаруашылық мақсатқа пайдалану үшін барлық полигондардағы объектілерге, жерлерге сараптама жасайтын болсын.

Премьер-министр